

## Қазақстан Республикасындағы Акционерлік қоғамдардың акцияларының шығарылуын тіркеу және қайта тіркеу тәртібі туралы ереже

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 13 ақпан N 18 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 13 наурызда N 161 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 75 қаулысымен

**Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.06.01 № 75 қаулысымен.**

Осы Ереже құнды қағаздардың алғашқы және одан кейінгі эмиссиялары кезінде, жарғылық қордың ұлғайтылуы немесе азайтылуы жағдайында акциялардың номиналдық құнының өзгеруі кезінде акцияларды тіркеу және айналымға шығару, сондай-ақ жарғылық қорды азайту кезінде акцияларды өтеу тәртібін белгілейді.

### I Тарау. Жалпы ережелер

1. Акционерлік қоғамдардың акцияларын мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия") жүргізеді.

2. Мемлекеттік тіркеуге мыналар жатады:

а) құнды қағаздарды алғашқы және одан кейінгі эмиссиялары, былайша айтқанда, акцияларды өз атынан айналымға шығаратын және эмиссия шарттарынан туындайтын міндеттемелерді орындауға міндеттенетін эмитенттің - заңды тұлғаның акциялар шығаруы;

б) акционерлік қоғамның жарғылық қорының мөлшерін өзгерткен жағдайда акциялардың номиналдық құнын өзгерту немесе акцияларды өтеу;

в) акционерлік қоғамды жою немесе қайта құру кезінде акцияларды өтеу.

### 3. Э м и с с и я :

а) акционерлік қоғам құрылған және акцияларды оның құрылтайшылары арасында орналастырған кезде;

б) акционерлік қоғамды қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөлек шығару) кезінде;

в) акциялардың қосымша эмиссиясы жолымен немесе акциялар номиналын

ұлғайту жолымен акционерлік қоғамның жарғылық қорының мөлшерін ұлғайту кезінде ;

г) заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын акционерлік қоғамға өзгерту кезінде жүзеге асырылады.

#### 4. Акционерлік қоғам :

а) заңды тұлға ретінде оның мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап үш айдан кешіктірмей акциялар эмиссиясын тіркеуге;

б) бірінші эмиссия кезінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап бір жылдың ішінде акциялар шығаруға және орналастыруға;

в) келесі эмиссиялар кезінде мемлекеттік тіркеу күнінен бастап алты айдың ішінде акциялар шығаруға және орналастыруға;

г) акциялардың номиналдық құнын азайту немесе ұлғайту жолымен жарғылық қорды өзгерту кезінде акционерлік қоғам аталған өзгертулерді ұлттық комиссияда тіркеуге міндетті.

4.1. Ұлттық комиссия акционерлік қоғамдардың акцияларын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырғанға дейін құнды қағаздармен кез келген операциялар жүргізуге, сондай-ақ оларды бұқаралық-ақпарат құралдарында жарнамалауға тыйым салынады.

4.2. Эмиссияны тіркеу мерзімдерін, акцияларды қолданыстағы заңдар белгілеген мерзімде шығару және орналастыру мерзімдерін бұзушылыққа құқық бұзушылық белгілі болған сәтте белгіленген еңбек жалақысының ең аз мөлшердегі жиырма еңбек жалақысына дейін айыппұл (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 сәуірдегі "Қазақ КСР мен Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы" заң күші бар Жарлығының 168-2 бабының негізінде) салынады және Салық инспекциясының санкциясы қолданылады.

4.3. Мемлекеттік тізілімге енгізілмеген құнды қағаздар эмиссиясы (Қазақстан Республикасы Президентінің "Құнды қағаздар және қор биржасы туралы" Заң күші бар Жарлығының 17-бабының негізінде) заңсыз болып табылады және бұл құнды қағаздарды сатудан түскен қаржыларды эмитенттен қайтарып алуға және оларды құнды қағаздарға жұмсаған адамдарға қайтарып беруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да санкциялар қолдануға әкеліп соғады.

5. Құнды қағаздар эмиссиясы мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

а) эмиссия проспектісін тіркеумен, көпшілік алдында жариялаумен және жарнама науқанын өткізумен бірге инвесторлардың басым шектеусіз көпшілігі арасында құнды қағаздарды ашық түрде орналастыру;

б) тек қана эмитент құрылтайшылары немесе алдын ала белгіленген басқа инвесторлардың белгілі саны арасында өткізілетін жабық орналастыру.

Бірінші шығарылым акциялары тек құрылтайшылар арасында ғана таратылады.

6. Эмитент акциялар шығарудың материалдық емес сипаттағы нысаны туралы шешім қабылдаған жағдайда акциялармен операциялар жүргізу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес депозитарлық шарт жасалуы қажет (ҚР Азаматтық Кодексінің 135-бабының 3-тармағы негізінде).

7. Акционерлердің тізілімін жүргізуді өз бетінше жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарға арналған акцияларды материалдық емес сипаттағы нысанда шығару кезінде құнды қағаздар тізілімін жүргізу тәртібі туралы бекітілген ішкі ереже ұсынылуы қажет.

8. Бес жүз және одан да көп акционерлері бар акционерлік қоғамдар үшін эмитенттің тәуелсіз тіркеушімен шарт жасасуы міндетті.

9. Акционерлік қоғамның барлық акциялары теңдей номиналда болуға тиіс.

10. Акциялардың шығарылуын тіркеу үшін құжаттар құнды қағаздармен операцияларға салық төленгені туралы төлем қағазының көшірмесінсіз қарауға қабылданбайды.

## 2 Тарау. Акциялардың бірінші шығарылымын тіркеу тәртібі

1. Жабық үлгідегі акционерлік қоғам акцияларының бірінші шығарылымын тіркеу үшін мынадай құжаттардың болуы қажет:

а) еркін нысанда түзілген және эмиссияның сомасы мен құрылымы, акционерлік қоғамның түрі, сондай-ақ акциялар шығарылымының нысандары көрсетілуімен бірге оның лауазымды адамдары қол қойған эмитенттің өтініші;

б) құнды қағаздар шығарылымының нысандары (материалдық емес немесе материалдық сипаттағы), сондай-ақ жарғылық қордың құрылу көздері көрсетілуімен бірге заң талаптарына сәйкес түзілген, акциялар шығару туралы шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы немесе хаттамасынан үзіндісі;

в) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің ксерокөшірмесі немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, сондай-ақ статистикалық есеп карточкасының ксерокөшірмесі;

г) мемлекеттік тіркеу органдарында тіркелген, тігілген және нотариалды куәландырылған барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге жарғының көшірмесі;

д) оның өзгертулерімен және толықтыруларымен бірге құрылтайшылық шарттың көшірмесі немесе оның орнына жүретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

е) банктің анықтамасы, сондай-ақ жарғылық қорды төлеудің толықтығы мен құрылымын растайтын басқа да құжаттар (атап айтқанда, ақша қаражатымен, құнды қағаздармен, қозғалмайтын мүлікпен немесе басқа да нысанда төленген үлестер). Ақшалай түрін қоспағанда, жарғылық қорға Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен салынған салымдардың барлық түрлері тәуелсіз аудитордың бағалауымен расталуға тиісті;

ж) шығарылымның материалдық сипаттағы нысаны кезінде акционерлік қоғамының басшысы мен бас бухгалтері қол қойған, мөрімен куәландырылған осы Ережеге N 1 қосымшаға сәйкес белгілі бір реквизиттері бар акциялардың әрбір түрінің екі данадағы үлгілері;

з) шығарылымның материалдық емес сипаттағы нысаны кезінде депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар депозитариймен жасасқан шарттың көшірмесі. Осы шарт акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болған жағдайда күшіне енеді.

Ш е ш і м қ а б ы л д а н ғ а н к е з д е :

- тізілімді өз бетінше жүргізу туралы шешім қабылданған кезде тізілімді жүргізу тәртібі туралы ішкі ережені ұсыну қажет;

- тәуелсіз тіркеушінің тізілімді жүргізуі туралы шешім қабылданған кезде эмитенттің тәуелсіз тіркеушімен жасасқан шартының көшірмесі ұсынылуға т и і с т і .

и) эмиссия сомасының 0,5% мөлшерінде құнды қағаздармен операцияға салық төлеу туралы төлем қағазының көшірмесі;

к) басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қол қойған акциялардың шығарылымы мен айналымы шарттарына ұсынылған түзетулерді қарастыру және бекіту туралы басқарма мәжілісінің хаттамасы;

л) акционерлік қоғамының басқармасы екі данада бекіткен, бухгалтерлік баланстарымен және басқа да қаржы құжаттарымен бірге тігілген акциялар шығарылымы мен айналымы шарттары;

м) акциялар шығарылымы мен айналымы шарттары мәліметтер тізбесіне сәйкес және осы Ереженің N 3 қосымшасында көзделген тәртіпте түзіледі және оған басшы, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының төрағасы қол қояды, ол акционерлік қоғамның мөрімен куәландырылады және эмитенттің қаржы жағдайының тұрлаулылығы мен төлем жасау қабілеті туралы аудиторлық қ о р ы т ы н д ы м е н р а с т а л а д ы .

2. Ашық үлгідегі акционерлік қоғам акцияларының бірінші шығарылымын тіркеу үшін мыналар қажет:

а) акциялардың бірінші шығарылымы кезінде құрылтайшылар арасында тек қана жабық орналастыру жүргізілетіндіктен Ереженің 2-тарауының 1-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін ұсыну;

б) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасының шеңберінде құрылған акционерлік қоғамдар осы Ереженің N 2 қосымшасында қарастырылған деректер тізімі мен тәртіпке сәйкес жасалған, жетекші, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының төрағасы қол қойып, акционерлік қоғамның мөрімен куәландырылған эмиссия проспектісін ұсыну керек.

Оған қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы "Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі Ережені бекіту туралы" N 562 қаулысына сәйкес жасалған жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау актісін, ал ол жоқ болған жағдайда, эмитенттің тұрақты қаржы жағдайы мен төлем қабілеттігі туралы аудиторлық қорытындыны ұсыну керек.

ЕСКЕРТУ. б-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996.08.26. N 93 V960022\_ қаулысымен.

3. Қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу жолымен құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының бірінші шығарылымын тіркеу үшін Ереженің 2-тарауының 1-тармағында айтылған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) қ о с ы л у ы к е з і н д е :

а) Монополияға қарсы күрес және баға саясаты жөніндегі комитеттің қ о р ы т ы н д ы с ы ;

б) заңды талаптарына сәйкес келетін және қосылушы қоғамдардың акцияларын (егер олар бұрынырақта акциялар шығарылымын тіркеген болса) құрылушы қоғамның акцияларына айырбастау тәртібі көрсетілген құрылтайшылық шарттың орнына жүретін қосылу туралы шарт;

в) әрбір акционерлік қоғамның жеке-жеке құнды қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттар;

г) онда қосылу туралы шешім қабылданған, қолданыстағы заңдардың талаптарына сай келетін қосылуға қатысқан барлық акционерлік қоғамдардың акционерлерінің жалпы жиналыстарының хаттамалары немесе хаттамаларынан ү з і н д і л е р ;

д) жаңадан пайда болған акционерлік қоғамның мүлік иесі бекіткен табыстау актісінің көшірмесі және бұрынырақта әрекет еткен заңды тұлғалардың бухгалтерлік баланстарының аудитор растаған көшірмелері;

2) б ө л і н у ж әне б ө л і н і п ш ы ғ у к е з і н д е :

а) құрылтайшылық шарттың орнына жүретін құжат ретіндегі, заң талаптарына сәйкес түзілген, онда бөліну немесе бөлініп шығу туралы шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы;

б) егер бөліну немесе бөлініп шығу Монополияға қарсы күрес және баға саясаты жөніндегі комитеттің шешімі бойынша жүргізілетін болса, онда тиісті қ а у л ы ;

в) жаңадан құрылған қоғамның аудитор растаған бөлініс балансы.

### 3 Тарау. Акциялардың келесі шығарылымдарын тіркеу т ә р т і б і

1. Ұлттық комиссия алдыңғы эмиссияның нәтижелері туралы есепті бекіткеннен кейін ғана акциялардың келесі шығарылымдарын тіркеу жүзеге асырылады.

2. Әрбір келесі эмиссияны тіркеу кезінде құнды қағаздар мен операцияларға салық төленуге міндетті.

3. Акциялардың келесі шығарылымдарын тіркеу кезінде мыналар ұсынылады:

а) эмиссияның реттік саны, жарғы қоры, эмиссия құрылымы және акциялардың шығарылу нысандарын өзгерту көздері көрсетілуімен бірге еркін нысанда түзілген эмитент өтініші;

б) жаңа құрылтайшылық құжаттардың белгіленген тәртіпте ресімделген және нотариалды куәландырылған көшірмелері;

в) акциялардың алдыңғы эмиссиясын тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

г) акциялардың алдыңғы шығарылымын орналастыру нәтижелері туралы Ұлттық комиссия бекіткен есеп;

д) акциялардың екі данадағы үлгілері немесе депозитариймен жасалған шарттың көшірмесі;

е) акционерлердің жалпы жиналысының құнды қағаздар эмиссиясы туралы хаттамасы немесе хаттамасынан үзінді. Хаттамада жиналыс кворумы туралы мәліметтер (қатысқан акционерлер саны мен оларға тиесілі дауыстар саны), сондай-ақ "иә" және "қарсы" деген дауыстар саны көрсетілуге тиісті;

ж) мәліметтер тізбесіне сәйкес және осы Ереженің N 2 немесе N 3 қосымшаларында көзделген тәртіпте түзілген бухгалтерлік баланстарымен және басқа да қаржы құжаттарымен бірге тігілген екі дана эмиссия проспектісі (ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар үшін) немесе акциялар шығарылымы мен айналымы шарттары (жабық үлгідегі акционерлік қоғамдар үшін). Эмиссия проспектісіне немесе акциялар шығарылымы мен айналымы шарттарына басшы, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының төрағасы қол қояды, ол акционерлік қоғамның мөрімен куәландырылады, эмитенттің қаржы жағдайының тұрлаулылығы мен төлем қабілеті туралы аудиторлық қорытындымен расталады;

з) басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қол қойған проспект эмиссиясына немесе акциялар шығарылымы мен айналымы шарттарына ұсынылған түзетулерді қарау және бекіту туралы басқарма мәжілісінің

х а т т а м а с ы ;

и) банк анықтамасы, сондай-ақ жарғы қорын төлеудің толық екендігін және құрылымын куәландыратын басқа да құжаттар (атап айтқанда ақша қаражаттарымен, құнды қағаздармен, қозғалмайтын мүлікпен немесе басқа да нысанда төленген үлестер). Ақшалай түрін қоспағанда жарғылық қорға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен салынатын салымдардың барлық түрлері тәуелсіз аудитордың бағалауымен расталуға тиісті;

к) құнды қағаздар мен операцияларға салық төлеу туралы төлем қағазының к ө ш і р м е с і .

4) Бірігу немесе басқа заңды тұлғаның бөлініп шығуы жолымен қайта құрылған акционерлік қоғамдардың акцияларының кейінгі шығарылымдарын тіркеу үшін осы тауардың 3-тармағында аталғандарға қосымша мыналар ұ с ы н ы л а д ы :

1 ) б і р і г у к е з і н д е :

а) құрылтайшылық шартты ауыстыратын құжат ретінде бірігуге тартылған заңды тұлғалар арасында жасалған, заң талаптарына сәйкес келетін бірігу туралы ш а р т ;

б) Монополияға қарсы күрес және баға саясаты жөніндегі комитеттің қ о р ы т ы н д ы с ы ;

в) бірігуге тартылған барлық шаруашылық серіктестіктері қатысушыларының бірігу туралы шешім қабылдаған жалпы жиналыстарының қолданыстағы заңдардың талаптарына жауап беретін хаттамалары немесе хаттамаларының ү з і н д і л е р і ;

д) бірігуші акционерлік қоғамдар акцияларының алдыңғы шығарылымдарын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың түпнұсқалары;

е) жаңадан пайда болған акционерлік қоғамның тәуелсіз аудитор куәландырған екі дана табыстау актісі;

2 ) б ө л і н і п ш ы ғ у к е з і н д е :

а) акционерлердің басқа заңды тұлғаның бөлініп шығуы туралы

шешім қабылдаған жалпы жиналысының заң талаптарына сәйкес түзілген хаттамасы;

б) акциялардың алдыңғы шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың түпнұсқалары;

в) акциялардың алдыңғы шығарылымының бір бөлігін немесе барлығын жою актісі;

г) қайта құрылған акционерлік қоғамның тәуелсіз аудитор куәландырған екі дана бөліну балансы.

#### 4 Тарау. Акциялар шығарылымын қайта тіркеу тәртібі

Акционерлік қоғамдардың акциялар эмиссиясын қайта тіркеу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) акциялар санын өзгертусіз, номиналдық құнын ұлғайту жолымен негізгі қаржыларды қайта бағалау есебінен жарғылық қорды ұлғайту;

2) акцияларды тіркелген жарғылық қорға толық орналастырмаған кезде;

3) эмиссияның құрылымын өзгерту кезінде;

4) шығарылым нысанын өзгерту кезінде;

5) жарғылық қорды азайту кезінде.

Мұндай жағдайда мыналар ұсынылады:

а) акциялар шығарылымын тіркеу туралы құжаттардың түпнұсқалары;

б) қайта тіркеу себептері көрсетілген өтініш;

в) жарғылық қорды азайту кезінде - акцияларды жою туралы акті;

г) осы Ереженің 3-тарауының 3-тармағына сәйкес ұсынылатын басқа да құжаттар.

Мұнымен бірге эмиссия проспектісіне немесе акционерлік қоғамдар акцияларының шығарылымы мен айналымы шарттарына және эмитенттің эмиссиясын тіркеу туралы куәліктің алдыңғы түпнұсқасына Ұлттық комиссия алдыңғы эмиссияның жойылуы туралы жазба жасайды және жаңа куәлік береді.

#### 5 Тарау. Қызметінің негізгі түрі міндетті түрде

лицензиялануға жататын акционерлік қоғамдардың  
акциялар шығаруын тіркеу тәртібі

Осы Ереженің 2 және 3-тарауларында көрсетілген құжаттар мен қызметтің негізгі түріне лицензия(лар)дан басқа қосымша мыналар ұсынылады:

1. Банктер:

а) Ұлттық Банктің филиалдар мен банк өкілдіктерін ашуға келісімі;

б) Ұлттық Банктің сарапшылығынан өткен және аудиторлық қорытынды куәландырған 2 дана эмиссия проспектісін ұсынады.

2. Сақтандыру компаниялары:

- заң талаптарына сәйкес жарғы қорын ақша қаражатымен төлеуінің



толымдылығын (жарғылық қордың 75 проценті) қуаттайтын банк анықтамасы.

## 6. тарау. Қосымша ережелер

1. Егер құнды қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу "Құнды қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібі және Құнды қағаздарды идентификациялаудың ұлттық цифрлық жүйесі туралы" ереже бекітілгенге дейін жүргізілген болса, Ұлттық комиссия бұрынырақта айналымға шығарылған құнды қағаздарға Ұлттық идентификация нөмірлерін беруді тиісті эмиссияны тіркеу жөніндегі құжаттарды сараптаудан кейін жүзеге асырады. Мұнымен бірге Ұлттық комиссияға акционерлік қоғамның хаты, тіркелген эмиссияның проспектісі және эмиссияның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі тапсырылады.

2. Аудиторлық қорытынды мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

- жарғылық қорға үлес мүлік, қозғалмайтын мүлік және басқа да нысанда (Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен енгізуден басқа, заңдарда көзделген) енгізілген кезде аудиторлық қорытынды акционерлердің құнды қағаздар шығару туралы шешім қабылданған жалпы жиналысынан бұрын жасалуға тиіс;

- қаржы-шаруашылық қызметін талдаған кезде аудиторлық қорытындыда есеп берушіліктің, баланстың қолданыстағы заңдар мен бухгалтерлік есеп талаптарына сәйкес келетіні туралы мәліметтер болуға тиіс, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін дұрыс көрсетуге тиіс;

- аудиторлық қорытынды Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы белгілеген стандарттарға және "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" заң талаптарына сәйкес келуге тиісті.

3. Құнды қағаздар шығару туралы құжаттарды Ұлттық комиссия құнды қағаздар эмиссиясын тіркеуге құжаттар тобы ұсынылған сәттен бастап 30 күннің ішінде қарайды. Эмиссияны тіркеуге қосымша құжаттар тапсырылған кезде қарау мерзімін есептеу жаңартылады. Эмиссияны тіркеуге қосымша құжаттар ұсыну Ұлттық комиссияның ресми жауап берген уақытынан бастап бір тоқсанның ішінде жүзеге асырылуы қажет. Материалдарды жетілдірудің көрсетілген мерзімі асып кеткен жағдайда эмитент соңғы есептік күнге дейінгі талап етілетін бухгалтерлік құжаттар мен аудиторлық қорытындыны тапсыруы қажет.

4. Құнды қағаздарды тіркеуден бас тартуға және эмиссияны кідіруге мыналар негіз бола алады:

- ұсынылған құжаттарда құнды қағаздарды шығару шарттарының қолданыстағы заңдарға қайшы келетіні туралы қорытынды жасауға мүмкіндік

беретін мәліметтердің болуы;

- эмиссия проспектісінде (акциялар шығарылымы мен айналымы шарттарында) көрсетілген мәліметтердің, осы Ереже талаптарының толымсыздығы немесе сәйкес келмеуі;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да негіздер.

Ұлттық комиссия құнды қағаздар шығарылымын тіркеуден бас тартатынын эмитентке жазбаша нысанда мәлім етеді.

5. Эмиссия кідірілген жағдайда эмитент жол берілген заң бұзушылықтарды жоюға міндетті, одан кейін эмиссия Ұлттық комиссияның арнаулы жазбаша рұқсаты бойынша жалғастырыла алады.

Шығарылым жүзеге асырылмады деп танылған жағдайда эмитент ресми мәлімдеме алған сәттен бастап он күннің ішінде эмиссияны тіркеу туралы куәлікті немесе анықтаманы және осы эмиссияның проспектісін Ұлттық комиссияға қайтаруға міндетті.

6. Жоғарыда аталған барлық құжаттарға қол қойған эмитенттің лауазымды адамдары осы құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы үшін, сондай-ақ құнды қағаздар шығарылымын ережелерінің сақталуы үшін өздеріне заңда белгіленген жауапкершілік жүктейді.

7. Эмиссияны тіркеу кезінде Ұлттық комиссия эмитенттен осы акционерлік қоғамның қызметі мен құрылу ерекшеліктеріне байланысты қосымша құжаттар тапсыруын талап етуге құқылы, сондай-ақ құнды қағаздар шығарудың заңда белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасайды.

Ұлттық комиссия эмитенттің тіркеуге ұсынған құжаттарындағы мәліметтерінің дұрыстығы үшін жауап бермейді.

8. Ұсынылған құжаттарды қарау кезінде мыналар талдануға тиісті:

- эмиссия проспектісінде көрсетілген мәліметтердің толықтығы;

- ұсынылған құжаттарда құнды қағаздар шығару шарттарының қолданыстағы заңдарға сәйкес келетіні туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін мәліметтердің болуы;

- эмиссия проспектісінің мәтіндік бөлігінің құрылтайшылық құжаттар, баланс және есеп беру мәліметтеріне сәйкестігі.

9. Ұсынылған құжаттар қолданыстағы заңдар мен осы Ереже талаптарына сәйкес келген жағдайда эмитентке уақыты мен тіркеу нөмірі көрсетілген құнды қағаздар эмиссиясының мемлекеттік тіркеу актісін куәландыратын, осы Ережеге N 4 қосымшаға сәйкес куәлік беріледі. Аталған куәлікпен бірге эмитент құнды қағаздар эмиссиясының тіркеу нөмірі бар акциялардың үлгісінің бір-бір данасын, сондай-ақ Ұлттық комиссияның атқару аппараты тіккен, мөрмен бекіткен және эмиссия проспектісінің тіркеу нөмірі берілген эмиссия проспектісінің бір данасын алады.

10. Құнды қағаздар тіркелгеннен кейін эмитент:

- шығарудың материалдық сипаттағы нысанында құнды қағаздарға тапсырыс береді, әзірлейді және қолданыстағы заңдарға сәйкес мерзімдерде құнды қағаздарды орналастырады;

- құнды қағаздар ашық орналастырылған жағдайда эмитент бұқаралық ақпарат құралдарында мыналарды көрсете отырып, шығарылым туралы хабарлама жариялайды:

а) эмитенттің статусын, толық атауын және заңды мекен-жайын;

б) эмитент қызметінің түрін;

в) құнды қағаздар түрі мен шығарылым көлемін;

г) потенциалды инвесторлар тобын;

д) құнды қағаздар таратудың басталу және аяқталу мерзімдерін;

е) қызмет көрсетуші депозитарийін;

ж) потенциалды инвесторлар осы шығарылымның құнды қағаздарын сатып ала алатын және эмиссия проспектісінің мазмұнымен таныса алатын орынды немесе орындарды;

з) эмитент мүлкінің қысқаша сипаттамасын.

Акцияларға жазылуды жүргізу туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламаның мәтіні Ұлттық комиссиямен келісуге тиіс. Осы талапты орындамау эмиссияны кідіртуге негіз болып табылады.

Эмитент құнды қағаздың осы шығарылымының барлық сатып

алушыларын толық және теңдей ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті.

Эмиссияны мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылғанға дейін құнды қағаздарды бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалауға тыйым салынады.

11. Құжаттар қабылдау, сондай-ақ оларды қайтару және құнды қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру тек қана акционерлік қоғамының басшысы немесе заңды өкілі (сенімхат негізінде) тарапынан жүргізіледі.

Қосымшалар.

1. Акция үлгілері.

2. Эмиссияның үлгі проспектісі.

3. Акционерлік қоғамдардың акцияларын шығару және айналымға түсіру шарттары.

4. Тіркеу туралы куәліктің үлгісі.

5. Ұсынылған құжаттамаларды ресімдеуге қойылатын талаптар.

"Қазақстан Республикасында Акционерлік қоғамдардың

акцияларының шығарылуын тіркеу және қайта тіркеу  
тәртібі туралы ережеге"

№ 1 А қосымша

АКЦИЯ ҮЛГІСІ

(оң жағы)

-----	
Акционерлік қоғамның фирмалық атауы	
және орналасқан жері	
Ұлттық идентификациялық нөмірі _____	
(Ұлттық комиссия береді)	
Реттік нөмірі _____	Шығарылған уақыты _____
199__ж. " " _____	
<b>АКЦИЯ</b>	
Акция түрі (атаулы жай/артықшылықты)	
Дауыс құқығымен (дауыс құқығынсыз)	
Ұстаушының аты _____	
Акция номиналы _____ ( _____ ) теңге	
цифрмен жазбаша	
Акционерлік қоғамның ЖАРҒЫ ҚОРЫ	
_____ ( _____ ) теңге	
сомасы жазбаша	
<b>МЫНАДАЙ АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛДЫ:</b>	
. номиналдық құны _____ теңгелік жай ұсынбалы/атаулы	
_____ теңгеге, саны _____ дана.	
. номиналдық құны _____ теңгелік артықшылықты атаулы	
_____ теңгеге, саны _____ дана.	
Дивидендтің бекітілген мөлшері (артықшылықты акциялар үшін) _____	
Дивидендтерді төлеп біту мерзімі _____	
Акциялардың шығарылымын	
Қазақстан Республикасының Құнды	
қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы тіркеген	
Тіркеу № _____	
АҚ Басқармасының төрағасы	

Бас бухгалтер

М.О.

(Теріс жағы)

Акционерлік қоғамның заңды мекен-жайы

"Қазақстан Республикасында Акционерлік қоғамдардың  
акцияларының шығарылуын тіркеу және қайта тіркеу  
тәртібі туралы ережеге"

№ 1 Б қосымша  
АКЦИЯ ҮЛГІСІ  
(оң жағы)

Акционерлік қоғамның фирмалық атауы  
және орналасқан жері

Ұлттық идентификациялық нөмірі \_\_\_\_\_

(Ұлттық комиссия береді)

Реттік нөмірі \_\_\_\_\_ Шығарылған уақыты \_\_\_\_\_

199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

АКЦИЯ

Акция түрі (атаулы жай/артықшылықты)

Дауыс құқығымен (дауыс құқығынсыз)

Акция номиналы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге

цифрмен жазбаша

Акционерлік қоғамның ЖАРҒЫ ҚОРЫ

\_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге

сомасы жазбаша

МЫНАДАЙ АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛДЫ:

. номиналдық құны \_\_\_\_\_ теңгелік жай ұсынбалы/атаулы

\_\_\_\_\_ теңгеге, саны \_\_\_\_\_ дана.

|. номиналдық құны \_\_\_\_\_ теңгелік артықшылықты атаулы |  
| \_\_\_\_\_ теңгеге, саны \_\_\_\_\_ дана. |  
|Дивидендтің бекітілген мөлшері (артықшылықты акциялар үшін)\_\_\_\_ |  
|Дивидендтерді төлеп біту мерзімі \_\_\_\_\_|  
|  
|Акциялардың шығарылымын |  
|Қазақстан Республикасының Құнды |  
|қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы тіркеген |  
|  
|Тіркеу N \_\_\_\_\_ |  
|АҚ Басқармасының төрағасы |  
|Бас бухгалтер |  
|  
| М.О. |

---

(теріс жағы)

#### ТАБЫСТАУ ЖАЗБАЛАРЫ:

1. Иесі _____	2. Иесі _____
Қолы _____	Қолы _____
(тіркеуші)	(тіркеуші)
Мөр _____	Мөр _____
199__ж. " " _____	199__ж. " " _____
3. Иесі _____	4. Иесі _____
Қолы _____	Қолы _____
(тіркеуші)	(тіркеуші)
Мөр _____	Мөр _____
Қолы _____	Қолы _____
(тіркеуші)	(тіркеуші)
Мөр _____	Мөр _____
199__ж. " " _____	199__ж. " " _____
5. Иесі _____	6. Иесі _____
Қолы _____	Қолы _____
(тіркеуші)	(тіркеуші)
Мөр _____	Мөр _____
Қолы _____	Қолы _____

(тіркеуші)  
Мөр  
199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

(тіркеуші)  
Мөр  
199\_\_ж. " " \_\_\_\_\_

Акционерлік қоғамның заңды мекен-жайы

"Қазақстан Республикасында Акционерлік қоғамдардың  
акцияларының шығарылуын тіркеу және қайта тіркеу  
тәртібі туралы ережеге"

№ 1 В қосымша  
ҰСЫНБАЛЫ АКЦИЯ ҮЛГІСІ  
(оң жағы)

-----	
Акционерлік қоғамның фирмалық атауы	
және орналасқан жері	
Ұлттық идентификациялық нөмірі _____	
(Ұлттық комиссия береді)	
Реттік нөмірі _____ Шығарылған уақыты	
199__ж. " " _____	
ҰСЫНБАЛЫ АКЦИЯ	
Акция номиналы _____ ( _____) теңге	
цифрмен жазбаша	
Акционерлік қоғамның ЖАРҒЫ ҚОРЫ	
_____ ( _____) теңге	
сомасы жазбаша	
МЫНАДАЙ АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛДЫ:	
. номиналдық құны _____ теңгелік жай ұсынбалы/атаулы	
_____ теңгеге, саны _____ дана.	
. номиналдық құны _____ теңгелік артықшылықты атаулы	
_____ теңгеге, саны _____ дана.	
Дивидендтерді төлеп біту мерзімі _____	
Акциялардың шығарылымын	
Қазақстан Республикасының Құнды	
қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы тіркеген	

|  
|Тіркеу N \_\_\_\_\_|  
|АҚ Басқармасының төрағасы|  
|Бас бухгалтер|  
|  
| М.О. |

---

Ескерту: ұсынбалы акциялар материалдық емес нысанда шығарыла алмайды.

(теріс жағы)

Акционерлік қоғамның заңды мекен-жайы

"Қазақстан Республикасында Акционерлік  
қоғамдардың акцияларының шығарылуын  
тіркеу және қайта тіркеу тәртібі  
туралы ережеге" N 2 қосымша  
ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ЭМИССИЯСЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

I. Эмитент туралы негізгі мәліметтер

1. Эмитенттің толық және қысқарған түрдегі атауы \_\_\_\_\_

2. Эмитенттің ұйымдастыру-құқықтық нысаны (акционерлік қоғам)  
және акционерлік қоғамның үлгісі (ашық немесе жабық;  
жаппай жекешелендіру бағдарламасына енгізілген кәсіпорындар ашық  
үлгідегі АҚ-ға жатады) \_\_\_\_\_

3. Орналасқан жері және банк реквизиттері: \_\_\_\_\_  
толық пошталық мекен-жайы \_\_\_\_\_  
қызмет көрсететін банктің аты және оның орналасқан жері: \_\_\_\_\_

Банктің коды және ХҚҰ \_\_\_\_\_

4. Тіркеуші органның атауы \_\_\_\_\_

5. АҚ мемлекеттік тіркелген күні \_\_\_\_\_

6. Мемлекеттік тізілім бойынша шаруашылық субъектісінің



нөмірі \_\_\_\_\_

7. Қызметтің негізгі түрлері \_\_\_\_\_

8. Жалпы дауыстың кемінде 5 процентіне ие болған барлық эмитент акционерлерінің мына схема бойынша тізімі:

Заңды тұлғалы акцио. | Заңды тұлғалы акционер. | Акционерлердің жарғы  
нерлердің толық атауы | нердің орналасқан жері | қорындағы үлесі  
немесе жеке акционер. | немесе жеке акционер. | (процент есебімен)  
лердің аты-жөні | лердің паспорттық |  
| деректері |

Бұл тармақты толтырғанда акциялардың мемлекеттік портфелін жеке атай отырып, дауысқа түсетін акциялардың 5 проценттен көбіне ие болған жеке адамдарды да, заңды тұлғаларды да көрсету керек.

9. Құнды қағаздар шығару туралы шешім қабылданған сәттегі атқарушы органның барлық мүшелерінің мына схема бойынша тізімі:

Атқарушы орган мүшесінің | Осы уақыттағы және соңғы | Эмитенттің жарғы  
тегі, аты, әкесінің аты | 3 жылдағы атқарған қызметі | қорындағы үлесі  
| (процент есебімен)

